

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

8. Нафикова Г.З. Понятие неполной семьи и ее типы //Вестник башкирского университета. – 2009. – Т. 14. – №. 1. – С. 241-243.

9. Электронный ресурс <https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=31&slug=-26>

ӘОЖ 316.334.2

КЕДЕЙШІЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕДЕЙШІЛІК ДЕҢГЕЙІ

Әділжанова Гүлдархан Әділжанқызы

gldarhan@inbox.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Абетова Зейнеп Тулегеновна

Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру кез келген өркениетті мемлекетте әлеуметтік саясаттың басты мақсаты және оның тиімділігінің басты өлшемі болып табылады. Кедейшілікті азайту – бұл мақсатқа жетудің маңызды құрамдас бөлігі саналады. Кедейлік халықтың сапалық сипаттамаларының нашарлауына және әлеуметтік шиеленістерге толы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің күшеюіне әкеледі. Кедейлік тек тамақтың, киім-кешектің, баспананың жетіспеушілігі және адамдардың қажетті білім мен медициналық көмекке қолжетімсіздігі ғана емес. Өмірге қажеттінің бәрін, кем дегенде, ең төменгі деңгейде сатып алуға жеткілікті ақшаның болмауы ғана емес. Кедейлік мәселесі де гуманистік құрамдас бөлікке ие, яғни ол билік пен халық арасындағы қарым-қатынастың моральдық-этикалық аспектілеріне әсер етеді.

2001 жылдан 2010 жылға дейінгі кезеңде МЖӘ бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ үлесі 16 203,3 АҚШ долларын құрап, үш есе дерлік өсті, 2010 жылы соңғы тұтынуға жұмсалған орташа жан басына шаққандағы шығыстар жедел деректер бойынша 744,4 мың теңгені құрады, бұл 6,3 % мөлшерін құрайды. 2001 жылмен салыстырғанда 118,5 мың теңге жоғары екен. Ұлттық экономиканың өсу қарқыны аясында халықтың номиналды ақшалай табысының артуы байқалады. Мәселен, 10 жыл ішінде орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыс деңгейі айына 5,3 есе өсіп, алдын ала бағалау бойынша 40 473 теңгені құрады. Дүниежүзілік қаржы жүйесінің тұрақсыз жағдайына қарамастан, ел экономикасының дамуының оң серпіні республикадағы кедейшілік деңгейіне оң әсерін тигізді. 2001 жылдан бергі кезеңде жалпы республика бойынша табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 7,2 есеге қысқарды және 2010 жылдың соңында 6,5%-ды құрады, бұл қала үшін де, ауылдық жерлер үшін де оң үрдісті сақтайды. Қазақстан «Кірістері ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесін екі есеге арттыру» МДМ негізгі міндеттерінің бірін орындады. Алайда, кедейлік ел үшін, әсіресе ауылдық аймақтарда күні бүгінге дейін айтарлықтай күрделі мәселе болып қала береді. Осыған байланысты 2008 жылы елде МДМ алдына жаңа мақсаттар мен міндеттері қойылды. Ең басты міндет – табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауылдық елді мекендерде тұратын халық санын екі есе қысқарту. Қазақстан «Кірістері ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесін екі есеге арттыру» МДМ негізгі міндеттерінің бірін орындады. Алайда, кедейлік ел үшін, әсіресе ауылдық аймақтарда күні бүгінге дейін айтарлықтай күрделі мәселе болып қала береді. Осыған байланысты 2008 жылы елде МДМ алдына жаңа мақсаттар мен міндеттері қойылды. Ең басты міндет – табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауылдық елді мекендерде тұратын халық санын екі есе қысқарту.


Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсам соңғы жылдары еліміздегі әлеуметтік жағдайы бойынша "төмен, орташа, жоғары" көрсеткіш көрсеткен қалалар:

- Төмен – Астана мен Алматы, Қарағанды, Павлодар және Ақмола облыстары

- Орташа – Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай және Қызылорда облыстарында
- Жоғары – Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстары.

Кедейлік деңгейіндегі аймақтық айырмашылықтар аумақтық орналасу, яғни қалалық, ауылдық орналасу деңгейі бойынша да айырмашылықтармен бірге жүреді. Ауылдағы кедейшілік ауқымының айтарлықтай қысқаруы маңызды мәселе саналады. Ауылдағы кедейшіліктің көрінісі келесі факторлармен және проблемалармен анықталады:

1. Көп балалы ауылдық отбасылар және соның салдарынан жоғары тәуелділік жүктемесі;
2. Халықтың әсіресе жастардың ауылдық жерлерден ірі қалаларға көшуі, жұмыспен қамту мүмкіндіктерінің жоқтығы мен төмен жалақы мөлшері.
3. Кәсіптік оқыту жүйесіне қолжетімділіктің болмауынан туындаған.




1 сурет. 2000-2013 жылдар аралығындағы өзгеріс

Айта кету керек, Қазақстан Республикасындағы халықтың кедейлік деңгейін есептеу кезінде халықаралық ұсыныстарға сәйкес эквиваленттік шкаласы пайдаланылады, әртүрлі мөлшердегі үй шаруашылықтарында жан басына шаққандағы орташа табыстың қажетті деңгейлерін реттейтін түзету коэффициенті есепке алынады. Эквиваленттік шкаласы оның мүшелерінің бірге тұруының әсерінен үй шаруашылығының шығындарын үнемдеуді ескереді. Кедейлік деңгейін бағалау кезінде баламалы шкалалар пайдаланылмаса, онда оның мәні асыра бағаланады. Кедейлік тереңдігінің қосымша сипаттамасы кедейлер арасындағы теңсіздікті көрсететін кедейліктің ауырлық көрсеткішімен қамтамасыз етіледі – кедейлер табысының олардың орташа мәнінен салыстырылған дәрежесі. Кедейліктің ауырлығы қоғамдағы ең кедей адамның қаншалықты «кедей» екенін көрсетеді, яғни, кедейлер арасындағы теңсіздікті сипаттайды. Соңғы онжылдықта орташа айлық атаулы жалақы айтарлықтай салалық саралауды сақтай отырып, өсуде. Мәселен, 2010 жылы ең төменгі жалақы ауыл шаруашылығында сақталып, 36 477 теңгені құраған болатын.

Қазақстан Республикасында елде кедейшілікті азайту идеологиясы Кедейшілікпен күресу жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде барынша тиімді жүзеге

Өңірлер бойынша табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі



асырылуда. Шынында да, кедейшілікті айтарлықтай төмендетпей, жоспарланған экономикалық қайта құруларды, атап айтқанда, ЖІӨ екі есеге арттыруды жүзеге асыру әлдеқайда қиын болады. Көптеген озық елдер кедейшіліктің төтенше түрлерін жоюға және оның ауқымын айтарлықтай қысқартуға бағытталған кедейшілікпен күресудің ұлттық жоспарларын әзірледі және жүзеге асыруда.

2 сурет. 2023 жылы өңірлер бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі

Кедейлікті төмендету бойынша мемлекеттік шаралардың қатарына мыналар жатады:

- өндірістің өсуіне жағдай жасау және тиісінше басым бөлігі халықтың ақшалай кірісін арттыруға бағыттау,
- макроэкономикалық тұрақтылықты сақтау,
- инфляцияға қарсы саясатты жүзеге асыру;
- ең төменгі жалақыны белгілеу,
- әлеуметтік бағдарламалар мен оларды іске асыру тетіктерін әзірлеу.

Бірақ әлеуметтік-экономикалық дамудың негізі кедейшілікті азайту және дамушы елдерде жұмыс орындарын құруда оң нәтиже байқалады. Жұмыс орындары – бұл қалалардың қалыпты жұмыс істеуі, сонымен қатар жастарға зорлық-зомбылық емес, шығармашылық мүмкіндіктер ашатын перспективалар құру.

Жұмыс орындарын құру бойынша 2013 жылғы Дүниежүзілік даму есебі ұлттық экономикалардағы күшті жеке сектордың жұмыс орындарын құрудағы жетекші рөлін атап көрсетеді. Есепте өнімділігі жоғары жұмыс орындарының болуы оқиғалардың оң тізбегін қалай бастауға болатыны туралы айтылады. Адамдарға қиындықтарды жеңуге және әйелдерге өз балаларының болашағына «инвестиция салуға» мүмкіндік беретін жаңа жұмыс орындарының ашылуының арқасында кедейлік төмендейді. Жұмысшылардың біліктілігі жоғарылаған сайын еңбек өнімділігі артады, бұл өз кезегінде өнімділігі жоғары жұмыс орындарының көбеюіне әкеледі, ал өнімділігі төмен жұмыс орындарының саны азаяды. Жаңа жұмыс орындарының ашылуымен қоғамдар өркендейді, өйткені қоғамның барлық мүшелерінің жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасалады, бұл өз кезегінде жанжалдарға әкелетін әлеуметтік шиеленістерді азайтады. Ол сондай-ақ үкіметтерге өз мақсаттарына жетуге көмектесетін жұмыспен қамту мәселесін шешудің үш сатылы тәсілін ұсынады:

Біріншіден, тұрақты іргелі көрсеткіштерді, оның ішінде макроэкономикалық тұрақтылықты, қолайлы бизнес-ортаны, адам ресурстарын және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қажет;

Екіншіден, еңбек саясаты жұмыс орындарын құруға кедергі болмауы керек, сондай-ақ халықтың ең осал топтарының мүдделерін қорғауды және әлеуметтік көмекке қол жеткізуді қамтамасыз етуі керек;

Үшіншіден, мемлекеттер өз елінің нақты жағдайларын ескере отырып, қай жұмыс орындарының дамуға неғұрлым қолайлы болатынын анықтауы және жеке сектордағы жұмыс орындарын құрудағы тосқауылдарды жоюы немесе бейтараптандыруы керек.

Дүниежүзілік банк тобы төтенше кедейлікті жоюға және ортақ әл-ауқатты жақсартуға көмектесуге бағытталған. Әдетте, кедейшіліктің себептері мен дәрежесі белгілі бір материалдық критерийлер негізінде және мақсатты зерттеулер жүргізу, әлеуметтік-экономикалық ортаны және экономикалық даму ерекшеліктерін зерделеу арқылы анықталады. Кедейшіліктің ең маңызды себебі – білім деңгейінің қоғамның негізгі қажеттіліктерінен, соның ішінде өндірістен артта қалуы және қоғамның барлық топтары үшін сапалы білімнің қолжетімсіздігі. Екінші себеп – экономикалық жағдайдың осал тұстарының болуы.

Ойымды қорытындылай келе айтарым, Қазақстан Республикасында кедейшілікті төмендету бойынша жұмыс халықтың кірістерінің өсуіне ықпал ететін экономикалық өсу үшін жағдай жасау шараларын қамтитын мақсатты бағдарламаны құруды қамтитынын атап өткен жөн. Барлық жерде, әсіресе ауылдық жерлерде кәсіпкерліктің өркендеуіне жағдай жасалып,

қосымша жұмыс орындарын ашу жұмыстары жүргізілуде, жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмыстарға тартуға жағдай жасалуда. Жұмыссыздарды қайта оқытуға жағдай жасалды. Бұл үдерістердің барлығы Үкімет жасаған ашықтық жағдайында жүріп жатыр, әр облыстың, тіпті ауылдың ерекшеліктері ескерілетін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Разумов А.А. Кедейлік және оны жеңу әдістері // 2003.
2. 2001-2010 жылдарға арналған «Халықтың кірістерін саралаудың негізгі көрсеткіштері» бюллетені, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011 ж.
3. Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі. ҚР статистика жөніндегі Агенттігі, Алматы, 2002 ж.
4. «Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейі» жинағы, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Астана, 2011 ж.
5. ҚР Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы «2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму Стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» №3834 Жарлығы

ӘОЖ 316.334.5

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМА – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІШКІ МИГРАЦИЯ ФАКТОРЫ

Әскербек Зарина Серікқызы

zarinaaskerbek1@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к, доцент

Экологиялық проблема - ішкі көші-қонға ықпал ететін факторлардың бірі. Су тасқыны, құрғақшылық, орман өрттері және басқа да табиғи апаттар сияқты бірқатар экологиялық апаттар зардап шеккен аудандардан адамдардың мәжбүрлі көші-қонына алып келеді. Сонымен қатар, табиғи ресурстардың ластануы және сарқылуы белгілі бір аумақтардың өміршеңдігін төмендетіп, олардың тұрғындарын басқа жерге көшуге мәжбүр етеді. Экологиялық проблемалар, сондай-ақ экономикалық шығынға, жұмыс орындарының қысқаруына және халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде жақсы өмір сүру жағдайларын іздеу үшін көші-қонның бірден бір себебі болмақ. Осылайша, экологиялық проблема ішкі көші-қонға елеулі ықпал етіп, елдегі демографиялық жағдайды өзгертеді. Бұл мәселені шешу үшін қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғаудың тиімді шараларын әзірлеу, сонымен қатар халық арасында экологиялық ауыртпалықты әділ бөлуді қамтамасыз ету қажет. Төменде экологиялық проблемалардың орын алуынан туындайтын миграция процесіне ықпал етуші негізгі факторлар келтіріледі. Олар:

1) әлеуметтік факторлар: тарихи отанына оралуға, өз отбасыларымен қайта қауышуға, тұрмыстық ұлтшылдық көріністерінен қашуға деген ұмтылыс, сондай-ақ тілдік ахуал (мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту);

2) экономикалық факторлар: жұмыспен қамтудың және кәсіпкерлікті қолдаудың әртүрлі шарттары; Қазақстанда және эмигранттар кететін елдерде (негізінен Ресей, Германия, АҚШ) және иммигранттар (Өзбекстан, Моңғолия, Түркменстан, Қырғызстан, Ресей) еңбекақы мен әлеуметтік жәрдемақылар, зейнетақылар деңгейлеріндегі айырмашылық;

3) саяси факторлар: халықтың менталитетіндегі, сөз бостандығын қабылдаудағы, этносаралық саладағы және Ұлттық азшылықтарға қатысты саясаттағы (Қытай) айырмашылық, тіл саясаты;

4) демографиялық факторлар: депопуляция қаупі және кейбір елдерде/аймақтарда халықтың қартаюының белсенді процестері (көші-қон алушылар), екінші жағынан, басқа